



## 1 мамыр - Қазақстан Халықтарының Бірлігі күні

«Бірлік болмай тірлік болмас» деген атам қазақ. Берекені көздеген ел мерекелі тірлік жасаудан жалықпаған. «Береке бастауы бірлік, ел іші тату тірлік» қағидасын ұстанған ел үшін бұл мейрамның орны ерек. Жыл сайын атаулы мерекеде Қазақстан аумағында тұрып жатқан 130-дан астам ұлт пен ұлыс өкілдері киелі қара шаңырақта тату-тәтті, береке мен бірлікте, бейбітшілік пен ынтымақта өмір сүріп жатқандығын тойлайды. 1995 жылдың наурызында дүние жүзіне үлгі болып отырған ұлтаралық татулық пен тұрақтылықтың – феномені-Қазақстан халықтары Ассамблеясы құрылды. Бұл ешбір елде болмаған ерекше, саяси маңызы зор құрылым. Ассамблея 365 мүшесі, 471 ден астам республикалық, өңірлік, облыстық, қалалық ұлттық – мәдени бірлестіктері, 500-ге жуық кіші ассамблея мүшелерінің бастарын біріктіріп, біздің ортақ үйіміз – Қазақстанда шынайы достықты қамтамасыз етіп келеді.

**Бірлігіміз жарасып, еліміз тыныш болып, ұлт демей, басқа демей татулықта, бейбіт өмірде күн кешейік, достар!**

## 7 мамыр - Отан қорғаушылар күні!



7 мамыр-еліміздің қорғаныс қабілетінің кемелденгенін білдіретін мереке. Әскеріміз жаңарып, оның күш-қуаты жылдан жылға нығаюда. Бұл күн - қайсар мінезді ата-бабамыздың жауынгерлік дәстүрінің заңды жалғас тапқан күні.



## 9мамыр-Ұлы Жеңіс күні

1941—1945-жылдар аралығындағы Ұлы Отан соғысына 35 млн адам, соның ішінде 1,5 млн қазақстандық қатысты. Бұл республика халқының 18 бен 50 жас аралығындағы ересектердің 70 пайызы. Ұрыстардың алғы шебінде Қазақстаннан жіберілген 23 бірлестік, 50 шақты полктар мен батальондар шайқасты. Қазақстандықтар Мәскеу мен Ленинградты жанын қия қорғап, Украина мен Беларусьті, Прибалтика мен Молдованы азат етуге атсалысты, Берлин шабуылына қатысты.

Ондаған мың қазақстандық ерен еңбегі мен ерліктері үшін марапатталса, бес жүзден астам адам Кеңес Одағының Батыры атанды, төрт адам бұл атаққа екі мәрте ие болды, 142 адам Даңқ орденінің толық жинағының иегері атанды.

**Бетті дайындаған: Нүрпейісқызы Зере**



# Имандылық тұтқасы



**“Қызғалдақ”**  
қыз балалардың  
сырласу бұрышы

## Сен жақсы қызсың ба?

Қойылған сұрақтарға «+» немесе «-» қою арқылы жауап бер.

1. Егер сен мектептен, көшедегі серуеннен кешігетін болсаң немесе аяқастынан үйден шығып бір жерге бару керек болғанда ата-анаңа ескертесің бе? Ата-анаң бір шаруамен айналысып жатқанда аяққа оралмасын деп сені сыртқа жіберетін жағдайлар бола ма?
2. Компьютерді бір минутқа қоя тұрып үйдің ішіне өзіңнің емес анаңның көзімен қарап көр. Шашылып жатқан нәрселер жоқ па екен?
3. Ешқандай жазбаға қарамастан ата-анаңның, ата-әжеңнің, аға-апа, іні-сіңлілеріңнің туған күндерін атай аласың ба? Әрине, өзіңе не керек екенін өте жақсы білесің. Ал сен анаңа, әкеңе не қажет екенін немес оны қашан сатып алмақ екенін білесің бе?
4. Анаңның тапсырмасынан басқа қандай да бір жұмысты өзің біліп істейсің бе?
5. Анаң саған апельсин, торт, балмұздақ, т.б. тәттілер алып келеді. Ал өзің осы тәттілердің үлкендерге де қалуына мән бересің бе?
6. Ата-анаңның қолы бос кеште қонаққа немесе киноға баруына тура келіп, ал саған үйде қалу керек болса, жалғыз қалғың келмейтінін айтып, бұған наразылық білдіресің бе?
7. Ата-анаңа қонақтар келгенде, сенен үлкендердің әңгімесіне араласпай тыныш отыруды немесе тыныш қана өз ісіңмен айналысуды ескерту керек пе?

**Тексеру:** Иә, барлығы 7 сұраққа жауап бердік. Егер сен жақсы қыз болсаң жол жиегіндегі жауабың мына ретпен орналасуы керек «+-++++-». Ал жауабың мүлде керісінше болып шықса, саған қандай адам болып шығатының туралы ойлану керек. Егер де бірнеше сәйкессіздік кездессе уайымдама, бәрін түзетуге болады.



**“Толағай”**  
ер балалардың  
кеңесу бұрышы

## Ата-анаңмен қарым-қатынасың қалай?

1. Ата-анаң сенің достарыңды біле ме?
2. Ата-анаңмен сырынды бөлісіп, жеке мәселелерге байланысты ақыл-кеңес сұрайсың ба?
3. Ата-анаңның жұмысына қызығушылық білдіресің бе?
4. Достарың сіздің үйде болып тұра ма?
5. Үй шаруасына көмектесесің бе?
6. Серуендеуге шыққың келетіндей ішің пыса ма?
7. Ата-анаңмен ортақ істерің, әуестігің бар ма?
8. Отбасылық мерекелерге дайындыққа атсалысасың ба?
9. Достарыңмен жиналған кеште ата-анаңның үйде болғанын қалайсың ба, әлде олардың театрға кеткенін армандайсың ба?
10. Ата-анаңмен оқыған кітаптарың туралы ой бөлісесің бе?
11. Ата-анаңмен бірге көрген телехабарлар мен фильмдерді талдағанды ұнатасың ба?
12. Ата-анаңмен бірге театр, мұражай, көрме, концерттерге барасың ба?
13. Ата-анаңмен бірге таза ауаға серуенге, туристік саяхаттарға шығып тұрасың ба?
14. Демалысты ата-анаңмен өткізгенді қалайсың ба?
15. Ата-анаңмен араларыңда өзара түсіністік бар деп ойлайсың ба?

### Ұпайларыңды есепте:

Әрбір «иә» деген жауабың үшін 2 ұпай, «кейде» деген жауап үшін 1 ұпай, ал «жоқ» деген жауабың үшін 0 ұпай беріледі.

10 ұпай немесе одан төмен болса сенің ата-анаңмен түсінісуіңде белгілі бір қиындықтар бар.

10-20 ұпай - жаман емес! Ата-анаңмен қарым-қатынасың жақсы деп айтуға болады.

20 ұпайдан жоғары-құттықтаймыз! Сен мүмкін еместей көрінген жетістікке қол жеткіздің. Сені мен ата-анаңның арасында толық түсіністік орнаған.





# Гимназия жаңалықтары

## «Мақсаттар бірлігі – рух бірлігі»

1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні қарсаңында № 6 Хромтау гимназиясында «Жас ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының салтанатты жиыны болып Салтанатты жиынның қонағы 90 жастағы соғыс ардагері Жұмағалиев Сәрсенбай ақсақал мен 16 білім алушы «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымына салтанатты түрде қабылданды. Сәрсенбай ақсақал балаларға дән ризашылығын білдіріп, батасын берді. Салтанатты жиынның соңында «Жас Ұлан» балалар ұйымының әнұраны орындалды.

30 сәуір күні – Қазақстан халықтарының бірлігі күніне орай мектепшілік «Мақсаттар бірлігі – рух бірлігі» атты фестиваль болып өтті. Фестивальдің ережесі бойынша әр сынып берілген ұлтты таныстырып, өнерін, тағамдарын ұсыну керек болатын. Тапсырманы барлық сынып өте жақсы орында шықты. нәтижесінде I орынға ба сыныбы, II орынға 7а, 6ә сыныбы, III орынға 7ә, 5 сынып ие болып, гимназия директорының алғыс хаттарымен марапатталды.




## «Сайыпқыран сарбаздар»

2 мамыр күні күні 5-8 сынып оқушылары арасында «Сайыпқыран сарбаздар» атты саптық байқау болып өтті. Нәтижесінде: I орынды 7ә сыныбы, II орынды ба сыныбы, III орынды 8ә сыныбы иеленді.



6 мамыр күні Отан қорғаушылар күніне арналған «Тәуелсіздік тірегі-айбынды қазақ әскері» атты салтанатты жиын болып өтті.



6 мамыр күні өткізілген аудандық патриоттық клубтар арасындағы байқауда «Сұңқар» патриоттық клубы жүлделі I орынға ие болды.



9 мамыр күні мектеп ұжымы Ұлы жеңіс күніне арналған аудандық шараға қатысып, ескерткіш басына гүл шоқтарын қойды. «Сұңқар» патриоттық клубының сарбаздары құрметті күзетке тұрып, саптық шеруге қатысты.

**Бетті дайындаған: Жалғас Наурызгүл**



# Жаз жайнатып, күн күлдіріп...

## Сыңғырла, соңғы қоңырау!

25 мамыр күні мектеп бітіруші түлектердің соңғы қоңырау салтанатты жиыны болып өтті. Балалықтың бал күндерін артқа тастаған шәкірттер ұстаздарымен қимай қоштасып, өлең жолдарымен ыстық ықыластарын жеткізді. Ал соңғы қоңырау үні олар үшін ерекше. Ол мектеппен қоштасар соңғы қоңырау, балалық шақтан ересек өмір белесіне асыратын ұлы қоңырау. Қимастық пен қуаныш, аңсау мен арман сезімдері араласқан түлектер осылайша 11 жылдық межені артқа тастап, шәкірттік сәттің соңғы, ересек өмірінің алғашқы қадамын жасады.



Бетті дайындаған: Нүрпейісқызы Зере

## Суда абайлаңыз! Суда жүзу ережелері мен қауіпсіздік шаралары

- Суға шомылатын жерді, жалпы жағдайды судың тазалығын, тереңдігін мұқият тексеріп алыңыз.
  - Тамақ ішкеннен кейін бірден шомылмаңыз.
  - Суға тек қана рұқсат етілген жерлер мен жағажайларда шомылыңыздар.
  - Өте ұзақ шомылмаңыз, өзіңізді шаршағанға және қалтырауға дейін жеткізбеңіз.
  - Суға түскенде бір-біріңізді көзден таса қылмаңыз.
  - Қоршау белгілерінен, буилардан тысқары жүзбеңіз.
  - Техникалық ескерту белгілерінің, буйлардың және басқалардың үстіне шығушы болмаңыздар.

## Ыстық күннен қалай қорғануға болады

Аптап ыстықта күннен қорғануда дұрыс таңдалынған киімдердің маңыздылығы зор. Күн астына шыққанда сіздің үстіңізде синтетикалық емес, тек табиғи маталардан тігілген киімдер болсын.

Мұндай күндері жібек, щифон, мақта мен лионнан тігілген киімдер таптырмайтын дүние. Өйткені синтетикалық киімдер өте ыстық туғыздырып, адамды жайсыз күйге түсіреді. Күн сәулесі таңғы сағат он бірден бастап кешкі сағат беске дейінгі аралықта өте белсенді болады. Сондықтан күн өтіп кетпесін десеңіз, қоғамдық көліктерде де қатынауды азайтыңыз және көп мөлшерде сусын ішуді ұмытпаңыз. Бірақ тәтті газдалған сусындар мен шәй сіз үшін еш пайдасы жоқ екенін есте ұстаңыз.

**Бас редактор: Елеусизова Әлия Мухамбетқызы**

Тарату бөлімі: "Құбылнама" клубы  
871336-27-7-40 [www.gimnaziya6.kz](http://www.gimnaziya6.kz)

Газет айына бір рет шығады.

Мекен жайы: Хромтау қаласы

Әуезов көшесі 126

№6 Хромтау гимназиясы